



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

04 сәуір 2019 жыл

KASE Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім аясында қазақстандық кәсіби қатысушылары мен MOEX кездесуін ұйымдастырды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE) және "Московская биржа" КАҚ (бұдан әрі – MOEX) екі биржаның арасында жасалған Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімі аясында 2019 жылдың 04 сәуірінде KASE мүшелері болып табылатын банктер мен брокерлік компаниялардың MOEX технологиялық шешімдерінің ерекшеліктерімен таныстыру мақсатында бірлескен іс-шарасын ұйымдастырып өткізді.

Кездесу барысында қатысушылар, KASE нарықтарында қолданылуы жоспарланған, MOEX сауда-клирингтік жүйелерінің, биржалық өнімдерінің және посттрейдингтік сервистерінің техникалық сипаттамалары туралы жан-жақты ақпарат алды. Қатысушылар, сондай-ақ, ресейлік биржалық нарықтың қызметін толық зерделеу мүмкіндігін алды.

MOEX биржасымен стратегиялық серіктестік Қазақстан қор биржасының MOEX сауда-клирингтік жүйелеріне айысуын, сондай-ақ қор нарығында орталық контрагент қызметтерін енгізуді тұспалдайды.

Биржалардың ынтымақтастығының мақсаттарының бірі қазақстандық және ресейлік сауда-саттыққа қатысушылары мен инвесторларға екі елдің нарықтарына өзара рұқсаттама алуына жағдайлар жасау болып табылады.

Іс-шараға қатысушылар, 2019 жылдың 03 сәуірінде болып өткен, 10-шы мерейтойлық жыл сайынғы MOEX Биржалық Форумына қатысты. Форум аясында нарықты реттеу, капиталды тарту, MOEX нарықтарының дамуының көкейкесті мәселелері тақырыбына талқылау жүргізілді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE ТМД елдерінің биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттықтарының көлемі бойынша екінші орында, және алады FEAS биржалары арасында капиталға айналу деңгейі бойынша алтыншы орынға иеленген.

Бұл - репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ, БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

"Московская Биржа" Тобы (MOEX) Ресейдегі акциялардың, облигациялардың, туынды қаржы құралдарының, валютаның, ақша нарығының қаржы құралдарының және тауарлардың сауда-саттығы бойынша жалғыз көпфункционалы биржалық алаңын басқарады. Топ құрамына (Орталық депозитарий (Банктік емес несиелік ұйымы "Ұлттық есеп айырысу депозитарийі" акционерлік қоғамы), сондай-ақ, нарықтарда орталық контрагент қызметін атқаратын, клирингтік орталық (Банктік емес несиелік ұйымы – "Ұлттық Клирингтік Орталық" орталық контрагентіі (акционерлік

қоғам)) Мәскеу биржасына өз клиенттеріне сауда-саттық және посттрейдингтік қызметтердің толық циклын көрсетуге мүмкіндік береді.

Биржалық Форум – Ресейдегі кәсіптік қаржылық қауымдастықтың ең ірі конференциясы, жыл сайын мыңнан астам қатысушылардың, соның ішінде банктік ұйымдардың өкілдерінің және брокерлік компаниялардың, ресейлік және халықаралық инвестициялық қорлардың, тәуелсіз сарапшылар мен талдаушылардың, реттеуші органдардың өкілдері мен бизнес иелерінің басын жыл сайын қосады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz